

**«МФО «МикроКредитный Дом»
ЖШС
жалғыз қатысушысының 2021
жылғы «01» қазандағы
шешімімен
БЕКІТІЛГЕН**

**«Микрофинансовая организация «МикроКредитный Дом» ЖШС
микрокредиттер беру қағидалары**

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Микрокредиттер беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі – ҚР АҚ), «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ «Микрофинансовая организация «МикроКредитный Дом» ЖШС (бұдан әрі – МҚҰ) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және жеке және заңды тұлғаларға микрокредиттер беру, сондай-ақ оларға қызмет көрсету тәртібі мен шарттарын айқындайды

1. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

- МКД – «Микрофинансовая организация «МикроКредитный Дом» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
- қарыз алушы – МКД ұйымымен микрокредит беру туралы шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға;
- қоса қарыз алушы – микрокредит бойынша міндеттемелерді орындауға ортақ жауапты ретінде шарт бойынша әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға;
- өтініш беруші – МКД ұйымына микрокредит алуға өтініш берген жеке немесе заңды тұлға;
- микрокредит – МКД тарапынан қарыз алушыға осы Қағидаларда айқындалған мөлшерде және тәртіппен ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен берілетін ақша;
- микрокредит бойынша артық төлем сомасы – микрокредит мәнін қоспағанда, сыйақы сомасын, айыпақыны (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, қарыз алушының шарт бойынша барлық төлемдерінің сомасы;
- уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.
- Кредиттік сарапшы – тәуекелдерді бағалаумен және кредит беру немесе қандай да бір клиентке кредит беруден бас тарту жөнінде ұсынымдар әзірлеумен айналысатын маман.

- Кредит комитеті – қарыз алушыға кредит беруді мақұлдау немесе одан бас тарту туралы түпкілікті шешім қабылдауға жауапты және ол үшін кредит беру шарттарын бекітетін тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган.

1. МИКРОКРЕДИТ БЕРУГЕ ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

1.1. Кредиттік сарапшы (консультант) Өтініш берушіні микрокредиттер беру ережелерімен, МКД кредиттік өнімдерінің талаптарымен таныстыруы тиіс.

1.2. Кредиттік сарапшы (консультант) микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты комиссиялар туралы толық және дұрыс ақпарат беруге тиіс.

1.3. Өтініш беруші МКД микрокредиттер беру туралы шарт және қарыз алушының міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ететін шарттар жасасу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынады.

1.4. Өтініш беруші МКД белгілеген нысанға сәйкес микрокредит алуға өтінім береді, сондай-ақ МКД мынадай құжаттарды ұсынады:

- микрокредитті пайдалану мақсаты туралы (мақсатты микрокредит берілген жағдайда), өтініш берушінің микрокредитті өтеу және құнын көрсете отырып, сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге ұсынатын мүлкі туралы не қамтамасыз етудің жоқ екендігі туралы мәліметтері бар өтініш;

- өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі, туған күні, құжат нөмірі, берген орган, құжаттың берілген күні және қолданылу мерзімі көрсетілген өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы ақпарат;

- өтініш беруші өкілінің микрокредит беру туралы шартқа қол қою құқығын растайтын құжаттар (өтініш берушінің өкілі үшін);

- егер берілетін микрокредит мүлік кепілімен қамтамасыз етілетін жағдайда

- кепіл туралы шарт, тіркелуге тиіс мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері, ал мүлік кепілі міндетті тіркелетін жағдайда – мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік;

- қарыз алушының борыштық жүктемесінің коэффициентін есептеуге қажетті құжаттар және ақпарат.

1.5. Микрокредит алу үшін өтініш беруші-заңды тұлға мыналарды ұсынады:

- микрокредитті пайдалану мақсаты туралы (мақсатты микрокредит берілген жағдайда), өтініш берушінің микрокредитті өтеу және құнын көрсете отырып, сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге ұсынатын мүлкі туралы не қамтамасыз етудің жоқ екендігі туралы мәліметтері бар өтініш;

- өтініш беруші органының микрокредит алу туралы шешімі;

- егер берілетін микрокредит мүлік кепілімен қамтамасыз етілетін жағдайда
- кепіл беруші - заңды тұлға органының қарыз алушы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге кепіл нысанасын беру туралы шешімі;
- өтініш берушінің құрылтай құжаттарының көшірмелері;
- өтініш беруші өкілінің микрокредит беру туралы шартқа өкілеттіктерін растайтын құжаттар (өтініш берушінің өкілі үшін);

1.6. Өтініш беруші микрокредит беру туралы шарт жасасудан бас тартуға құқылы.

1.7. Микрокредит беру туралы шешімді МКД Кредит комитеті қабылдайды.

1.8. Қарыз алушының/кепілгердің өтініші бойынша микрокредиттер беру туралы қолданыстағы шарттардың талаптарын өзгерту туралы шешімді МКД Кредит комитеті қабылдайды.

1.9. Микрокредит беру туралы шешім қабылдау құқығын МКД Кредит комитеті МКД уәкілетті тұлғасына беруі мүмкін.

1.10. Қарыз алушыға нысаналы микрокредит берілген жағдайда, МКД оның нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы, ал қарыз алушы МКД осындай бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

1.11. Қарыз алушы микрокредитті мақсатты пайдалану жөніндегі міндеттерді, сондай-ақ микрокредит беру туралы шартта және/немесе кепіл шартында көзделген міндеттерді орындамаған жағдайда МКД микрокредит беру туралы шартты орындаудан бас тартуға және Қарыз алушыдан микрокредитті мерзімінен бұрын қайтаруды және ол бойынша сыйақы төлемін талап етуге құқылы.

1.12. Өтініш берушінің несиесін мақұлдау және оны қаржыландыру туралы шешім қабылдау процесі, берілген өкілеттіктер мен шешім қабылдау рәсімдерінің негізгі шарттары МКД Кредит комитеті туралы Ережеде анықталған.

1.13. Микрокредит төмендегідей кез келген негіздемелердің бірі анықталған жағдайда:

- МКД ішкі құжаттарында айқындалған қажетті құжаттар ұсынылмаған немесе дәйексіз мәліметтер мен құжаттар ұсынылған болса;
- микрокредит беру шарттары орындалмаса;
- бір Өтініш берушіге немесе Қарыз алушыға қатысты микрокредиттер беру туралы МКД берілген шарттар бойынша міндеттемелер сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 20 000 (жиырма мың еселенген) сомасынан асатын болса;
- Кредит комитеті микрокредит беруден бас тарту туралы шешім қабылдаса;
- Өтініш берушінің теріс кредиттік тарихы қарыз беруден бас тартуға негіз бола алатын жағдайда;
- Егер табыс мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшерінен және (немесе) отбасының әрбір кәмелетке толмаған мүшесіне

ең төмен күнкөріс деңгейінің жартысынан аз болса, сондай-ақ өтініш берушінің КДН мәні 0,5 мәннен асатын болса берілмейді.

Қарыз алушының табыс мөлшері мына формула бойынша анықталады:

$$ДЗ \geq ПМ + 0,5 * ПМ * К_{НЧС}$$

мұндағы:

ДЗ – қарыз алушының табысы;

ПМ – «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен тиісті қаржылық жылға белгіленген күнкөріс минимумы;

К_{НЧС} – отбасындағы кәмелетке толмағандардың саны. КДН мөлшері келесі формула бойынша анықталады:

$$КДН = (\sum_{i=1}^n ПНЗ_i + \sum_{i=1}^n ПП_i + ПЗ) / Д$$

мұндағы:

КДН – борыш жүктемесінің коэффициенті;

ПНЗ_i – қарыз алушының өтелмеген микрокредиті, қарызы (өтелмеген микрокредиттері, қарыздары) бойынша айлық төлемі;

ПП_i – қарыз алушының өтелмеген микрокредиті, қарызы (өтелмеген микрокредиттері, қарыздары) бойынша кешіктірілген сомасының төлемі

ПЗ – қарыз алушының жаңа берешегі бойынша орташа айлық төлемі;

n – қарыз алушының өтелмеген микрокредиттерінің, қарыздарының саны;

Д – қарыз алушының орташа айлық табысы.

- 1.1. Борыштық жүктеме коэффициентінің (КДН) есебі бойынша ақпаратты микроқаржы ұйымы кредит бюросынан сұрап алады.

2. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

- 2.1. Микрокредит беру туралы шарт мәміленің жазбаша нысанына қойылатын Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасының талаптары ескеріле отырып жасалады.
- 2.2. МҚД кредит сарапшысы (консультант) микрокредит беру туралы шартты жасасқанға дейін өтініш берушіге микрокредитті өтеу әдісімен танысу және оны таңдау үшін түрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын беруге міндетті. Қарыз алушыға микроқаржы ұйымдары жеке тұлғаларға беретін микрокредиттер бойынша тұрақты төлемдерді есептеу әдістемесіне және уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісінде белгіленген осындай микрокредиттер бойынша сыйақыны есептеуге арналған уақытша базаларға сәйкес микрокредит беру туралы шартта белгіленген кезектілікпен есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің жобалары мынадай өтеу әдістерімен міндетті түрде ұсынуға тиіс:

- сараланған төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешектерді өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;

- аннуитеттік төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешектерді өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлем мөлшерлері бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін.

2.3. МКД осы Қағидаларға сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің қосымша жобаларын ұсынуы мүмкін. Осы тармақшада көрсетілген талаптар осы Қағидалардың 50-тармағында көрсетілген Микрокредит беру туралы шартқа қолданылмайды;

2.4. МКД уәкілетті орган белгілеген тәртіпте микрокредиттерді электронды түрде беруге құқылы.

3. МИКРОКРЕДИТТЕРДІ БЕРУДІҢ ШЕКТІ СОМАЛАРЫ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ

3.1. Микрокредиттер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен беріледі.

3.2. Микрокредиттің ең аз мөлшері 5 000 (бес мың) теңгені құрайды;

3.3. Бір қарыз алушыға берілетін микрокредиттің ең жоғары мөлшері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 20 000 (жиырма мың еселенген) мөлшерінен аспайды.

3.4. 45 күнтізбелік күнге дейін жасалған шарттар бойынша бір қарыз алушыға берілетін микрокредиттің ең жоғары мөлшері – республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 50 АЕК.

4. БЕРІЛГЕН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ ШЕКТІ ШАМАЛАРЫ

4.1. Микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін МКД белгілейді.

4.2. 4.1. Микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары:

- ең төменгі жылдық сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 45 %

- ең жоғары тиімді жылдық сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 45 % құрайды.

4.3. Шекті мәні 45 (қырық бес) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге жасалған шарттар бойынша сыйақы – берілген микрокредит сомасының 30% құрайды.

4.4. Әрбір микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін белгілеу туралы шешімді МКД Кредит комитеті қабылдайды.

5. БЕРІЛГЕН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

- 5.1. Қарыз алушы берілген микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлейді.
- 5.2. Берілген микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесі микрокредитті беру мерзіміне қарамастан бір жылға қайта есептегенде көрсетіледі.
- 5.3. Сыйақыны Қарыз алушы өтеу кестесіне сәйкес қолма-қол немесе қолма-қол емес жолмен төлейді. Микрокредит беру бағдарламасы шеңберінде әрбір микрокредит бойынша немесе барлық қарыздар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігін (ол болған жағдайда) МКД Кредит комитеті белгілейді.
- 5.4. Микрокредит бойынша кезекті төлемді өтеу мерзімін өткізіп алған жағдайда, сыйақы микрокредитті пайдаланудың нақты мерзімі уақытына есептеледі, сондай-ақ микрокредит беру туралы шарттың талаптарына сәйкес мерзімін өткізіп алғаны үшін өсімпұл есептеледі.
- 5.5. Қарыз алушы берешегінің ұлғаюының алдын алу мақсатында, МКД қарыз алушы – жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген микрокредиті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік бір жүз сексен күні өткен соң есепке жазылған сыйақыны, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге құқылы емес.

6. МКД ҚАБЫЛДАЙТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 6.1. Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауы Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілдермен қамтамасыз етіледі.
- 6.2. Микрокредиттерді қамтамасыз ету болып табылатын кепіл мүлкі (жеке пайдалануға арналған жылжымалы кепіл мүлкін қоспағанда) мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс.
- 6.3. Микрокредиттерді қамтамасыз ету болып табылатын кепіл мүлкі (жеке пайдалануға арналған жылжымалы кепіл мүлкін қоспағанда) мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс:

- Кепіл берушінің мүлікке және мүліктік құқықтарға құқығын растайтын құжаттар түпнұсқаларының болуы;
 - ұсынылатын қамтамасыз етуді бағалау бойынша құжаттың болуы;
 - мүлік пен мүліктік құқықтар өтімділікке ие болуы тиіс;
 - мүлік және мүліктік құқықтар үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды наразылықтарынан бос болуға тиіс;
 - қажет болған жағдайда Кепіл беруші / Қарыз алушы мүлікті сақтандыруды жүргізеді;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда кепілге ұсынылатын мүлікке құқықтар осы мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарда тіркелуге тиіс;
- 6.4. Қарыз алушы мен Кепіл беруші әртүрлі жеке және заңды тұлғалар бола алады.
- 6.5. Қарыз алушы немесе өз мүлкін қарыз алушының міндеттемелерін қамтамасыз етуге беруге ниет білдірген үшінші тұлға Кепіл беруші бола алады.
- 6.6. Мүлікті кепілге салу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ МКД ішкі актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.
- 6.7. Мүлік кепілі тиісті шарт бойынша жазбаша түрде ресімделеді.
- 6.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Кепіл шартын тиісті уәкілетті мемлекеттік орган тіркеуге тиіс. Басқа жағдайларда кепілді мемлекеттік тіркеу МКД мен Қарыз алушы (және/немесе кепіл беруші) арасындағы келісім бойынша жүргізіледі.
- 6.9. Жылжымайтын мүлік кепіл болған кезде кепіл затына құқық белгілейтін құжаттарды қарыз алушы МКД кепілсалымына береді және Қарыз алушы Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін толық орындағаннан кейін ғана қайтарылады.
- 6.10. Қарыз алушы мүлік кепілімен қамтамасыз етілген Микрокредит беру туралы шарт бойынша МКД алдындағы міндеттемелерін толық орындаған кезде МКД Қарыз алушыдан тиісті өтінішті алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде Қарыз алушыға кепіл мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды беруге міндеттенеді.
- 6.11. Қарыз алушымен толық ынтымақтастықта МКД алдында жауап беретін, төлем қабілеттілігін растаған жеке немесе заңды тұлға Кепілгер бола алады.

7. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ТИІМДІ СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН ЕСЕПТЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ

7.1. Микрокредит беру туралы шартта сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі компьютерлік техника қондырғысының көмегімен бір қосымшада цифрмен және жазумен көрсетіле отырып, сондай-ақ сыйақының басқа мөлшерлемелерімен қаріптері бірдей көлемдегі және

ресімдеу стиліндегі (курсив, қарайтылған, түспен бояп көрсету, мөлшері) нысанда басып көрсетіледі.

7.2. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің есебі:

1) микрокредит беру туралы шарт, микрокредит беру туралы шартқа қосымша келісімдер жасалған күнге;

2) қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талап етуі бойынша;

3) қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соғатын микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда жүргізіледі.

Микрокредит беру туралы шарттың талаптары қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оны төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатындай өзгерген кезде сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің нақтыланған мәні микрокредит беру туралы шарт қолданыла бастаған мерзімнен бастап қарыз алушы микрокредит бойынша төлеген төлемдерді есептегенде, талаптарды өзгерту басталған күнгі микрокредитті өтеудің қалған мерзіміне қарай есептеледі.

Микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талап етулерді) беру кезінде Қағидалардың 45-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеуді микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талап етулер) берілген үшінші тұлға жүргізеді.

7.3. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу қағидаларын уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

7.4. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$$

мұндағы:

n - қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі;

j - қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі;

S_j - қарыз алушыға j-ші төлем сомасы;

APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;

t_j - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушыға j-ші төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен);

m - қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;

i - қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;

Pi - қарыз алушының i-ші төлемінің сомасы;

ti - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының i-ші төлемі сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).

7.5. Егер сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде алынған санның мәні бір ондық белгіден көп болса, ол былайша ондық бөлшекке дейін дөңгелектенуге тиіс:

- егер жүздік бөлшек 5-тен көп немесе тең болса, ондық бөлшек 1-ге ұлғайтылады, одан кейінгі барлық белгілер алып тасталады;

- егер жүздік бөлшек 5-тен аз болса, ондық бөлшек өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық белгілер алып тасталады..

7.6. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу кезінде мыналар ескеріледі:

- микрокредитті өтеудің барлық мерзімі үшін микрокредит бойынша сыйақы;

- комиссиялық және өзге де төлемдер – микрокредит беру туралы шартқа сәйкес, МКД төлеуге жататын микрокредитті алуға, пайдалануға және өтеуге (қайтаруға) байланысты микрокредит беру туралы шарт жасалған кезде мөлшері мен төлеу мерзімдері белгілі қарыз алушының шығыстары;

- егер МКД сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы басталған жағдайда пайда алушы болса, қарыз алушының сақтандыру ұйымының пайдасына төлейтін төлемдері;

- кепілдік берушіге (кепілгерге) кепілдік (кепілгерлік) алғаны үшін, бағалаушыға кепілге берілетін мүлікті бағалағаны үшін қарыз алушының төлемдері;

- микрокредит алу және қызмет көрсету бойынша қызмет көрсететін басқа ұйымдарға (делдалдарға) төлемдер.

7.7. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу кезінде ескерілмейді:

- тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), оның ішінде Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарттың талаптарын сақтамағаны үшін;

- микрокредит беру туралы шартта көзделген, мөлшері және (немесе) төлеу мерзімі шарт жасалған күні белгісіз және қарыз алушының шешіміне және (немесе) оның мінез-құлық нұсқасына (микрокредитті мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеуге) байланысты болатын микрокредитке қызмет көрсету бойынша төлемдер.

7.8. Жеке тұлғамен күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі мерзімге жасалған, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде микрокредит беру туралы шарт бойынша осы Қағидалардың 28-тармағында белгіленген талап шарт мынадай талаптарға сәйкес келген кезде:

- микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген шекті мәннен аспаған жағдайда;
- микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5 пайызынан аспағанда;
- микрокредит беру туралы шарт бойынша қарыз алушының барлық төлемдері микрокредит нысанасын қоспағанда, қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт бойынша барлық төлемдері, микрокредит беру туралы шартта көзделген сыйақы мен тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын қоса алғанда, жиынтығында микрокредит беру туралы шарт қолданылатын бүкіл кезеңде берілген микрокредит сомасынан аспаса;
- шарт микрокредит сомасын ұлғайтуға тыйым салуды қамтыса;
- тараптардың келісімі бойынша микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімі қолданыстағы немесе жақсартатын жағдайларда ұлғайтылуы мүмкін болса, қолданылмайды.

8. МИКРОКРЕДИТТІ ӨТЕУ ӘДІСТЕРІ

8.1. Микрокредитті өтеу тәртібі микрокредит беру туралы Шарттың талаптарында көрсетіледі. МКД микрокредитті өтеудің мынадай әдістерін қарастырады:

- төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешектерді өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;
- аннуитеттік төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешектерді өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлем мөлшерлері бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін;
- біржолғы әдіспен, бұл ретте сыйақыны және негізгі борыш сомасын өтеу мерзім соңында бір төлеммен жүргізіледі;
- микрокредит бойынша берешекті өтеу сыйақы сомасын ғана қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен, ал негізгі борыш сомасы мерзім соңында бір төлеммен жүргізілетін әдіспен жүзеге асырылады;
- микрокредит беру туралы шартта көзделген өзге де тәсілдермен жүргізіледі.

8.2. Микрокредитті өтеу ақша қаражатын МКД банк шотына, МКД кассасына енгізу (немесе аудару) арқылы немесе Қазақстан

Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен жүргізіледі.

9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1. Осы Ережеге өзгерістер енгізу және күшін жою заңнама талаптарының және нормативтік құқықтық базаның өзгеруіне қарай жүзеге асырылады.

9.2. Осы Ережеге өзгерістер енгізу және күшін жою МҚД құрылтайшылары жиналысының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

9.3. Қазақстан Республикасының микроқаржы қызметі туралы заңнамасының талаптарын бұзу

1. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының [Заңында](#) көзделмеген қызмет түрлерін жүзеге асыруы –

бір жүз [айлық есептік көрсеткіш](#) мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күніне шындыққа сәйкес келмейтін жарнаманы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының микроқаржылық қызмет туралы заңнамасына сәйкес келмейтін талаптармен микрокредит ұсынуға байланысты жарнаманы таратуы немесе орналастыруы, егер бұл әрекетте [қылмыстық жазаланатын іс-әрекет](#) белгілері болмаса, –

бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың анық емес қаржылық немесе өзге де есептілікті ұсынуы –

ескерту жасауға алып келеді.

3-1. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет –

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

4. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген сол бір пруденциялық нормативтерді және (немесе) сақталуы міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп рет) бұзуы –

үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлғалардың клиенттермен жасалатын микрокредит беру туралы шарттарда сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен есептелген мөлшерін көрсетпеуі, анық көрсетілмеуі, сол сияқты сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің

қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған шекті мөлшерінен асыруы –

заңды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың клиенттердің төлем құжаттарын жоғалтуы –

заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның, микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлғаның микрокредит беру туралы шарт бойынша қамтамасыз ету болып табылатын мүлікке құқық белгілеуші құжаттардың түпнұсқаларын жоғалтуы –

бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Ескертпелер.

1. Осы баптың 3-1-бөлігінде көзделген құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауаптылық Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде ұсынылуы талап етілетін мерзімді есептіліктің сол бір нысаны ұсынылған жағдайларда басталады.

2. Осы баптың бесінші және жетінші бөліктерінің мақсаттары үшін микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлғалар деп екінші деңгейдегі банк, коллекторлық агенттік, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым, секьюритилендіру мәмілесі кезінде Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясы, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның қамтамасыз етілген облигацияларды шығаруы немесе қарыз алуы кезінде микрокредит беру туралы шарт бойынша талап ету құқықтарын ұстаушы – заңды тұлға түсініледі.